Результаты исследований эффективности нереста в 2012 г. отражены в таблице 2. В данной таблице для сравнения охвачен ряд лет, начиная с оптимально многоводного 2007 г. Из таблицы 2 видно, что в 2012 году во взятых пробах меньше, чем в 2011 г. молоди леща, сазана, синца, густеры, воблы, жереха. Количество в пробах молоди жереха и судака невысоко. В сравнении с оптимальным по водности 2007 годом в последующие маловодные годы урожайность молоди падает на 46 % в 2008 г., на 70 % в 2009 г., на 48 % в 2010 г., на 9 % в 2011 г. и на 39,5 % в текущем году. В 2012 г. это отразилось заметным понижением в промзапасе численности рыб в возрасте 3, 4 и 5 лет. Не наблюдалось в пробах молоди налима, что может быть связано со скрытым образом жизни данного вида и его общей малочисленностью.

Таблица 2 – Показатели концентрации молоди рыб в р. Урал по ЗКО, в послепаводковый период, за 2007-2012 годы (экз/100 м<sup>3</sup>)

Виды молоди рыб	2007		2008		2009		2010		2011		2012	
	экз	%	экз	%	экз	%	экз	%	экз	%	экз	%
стерлядь	-	-	-	-	-	-	1	1,64	1	0,92	1	1,4
синец	18	21,42	7	10,9	3	8,3	7	11,47	17	15,74	9	12,5
лещ	28	33,32	15	23,4	7	19,5	10	16,39	25	23,15	15	20,8
жерех	7	8,33	5	7,8	4	11,1	4	6,56	5	4,63	4	5,6
густера	16	19,04	8	12,5	5	13,9	7	11,47	14	12,96	9	12,5
подуст	-	-	-	-	-	-	2	3,28	1	0,92	1	1,4
сазан	5	5,95	2	3,1	-	-	1	1,64	5	4,63	1	1,4
голавль	-	-	-	-	-	-	2	3,28	1	0,92	1	1,4
язь	-	-	-	-	-	-	1	1,64	1	0,92	2	2,8
чехонь	15	17,85	9	14,0	6	16,6	8	13,11	10	9,26	10	13,8
вобла	17	20,23	7	10,9	4	11,1	6	9,85	16	14,81	8	11,1
сом	3	3,57	2	3,1	1	2,8	2	3,28	2	1,85	1	1,4
судак	8	9,52	7	10,9	5	13,9	1	1,64	1	0,92	1	1,4
берш	2	2,38	2	3,1	1	2,8	7	11,47	8	7,41	8	11,1
белый толстолобик	-	-	-	-	-	-	2	3,28	1	0,92	1	1,4
Итого:	119	100	64	100	36	100	61	100	108	100	72	100

Оценка состояния природной репродукции рыбных ресурсов р. Урал в ЗКО (по результатам исследований 2012 г.) показывает следующее:

1) стерлядь – единственный представитель осетровых в туводной ихтиофауне, с ограниченным ареалом обитания на участке нижних по течению станций 4 и 5. Присутствие молоди стерляди в пробах незначительно, что видимо связано с невысокой общей

численностью популяции;

2) синец, лещ, густера, чехонь – наиболее многочисленны в пробах молоди по станциям 1-5. Молодь воблы присутствует только в пробах на станции 5. Нерест их, ввиду хорошей обводненности нерестовых площадей в 2012 г., был благополучен.

3) жерех, судак, сом – количество их молоди в пробах невысоко, особенно у судака, что связано с селективным выловом этих ценных рыб;

4) сазан – количество молоди в пробах повысилось до уровня 2007 г., ввиду высокого весеннего паводка.

5) подуст, голавль, язь, налим – в реке немногочисленны, что отражается в редкой встречаемости их молоди в пробах;

6) берш – присутствие молоди берша в пробах на станциях 4-5 стабильно растет;

7) белый толстолобик – встречаемость молоди в пробах невелика, что объясняется невысокой общей численностью данного интродуцированного чужеродного вида, приспособившегося нереститься на проточных участках речной поймы;

8) белорыбица, каспийский лосось, минога, проходные осетровые – молодь данных рыб во взятых пробах отсутствовала.

При анализе показателей урожайности молоди за 2007-2012 гг., прослеживается четкая зависимость урожайности молоди от уровня и продолжительности весеннего паводка. В сравнении с маловодными паводками 2008-2010 годами, в 2007 и 2011 годах урожайность молоди была высокой, а в 2012 опять понизилась. Таким образом, неблагоприятный гидрологический режим в период весенних паводков 2008, 2009, 2010 и 2012 годов отразился понижением показателей нереста промысловых рыб. Поскольку урожайность молоди в 2008, 2009, 2010 и 2012 годах была снижена, то в 2013 году промысловые запасы частичковых рыб понижаются, за счет уменьшения доли в популяциях рыб 3-х, 4-х и 5 летних возрастов. Невысокий уровень природной репродукции в 2012 г. окажет влияние на численность популяций, начиная с 2014 года.

Помимо нестабильности гидрологического режима на снижение эффективности нереста оказывает влияние и заброшенность пойменных нерестилищ. Исследование нерестовых площадей в речной пойме показали, что они нуждаются в регулярном проведении текущей технической мелиорации. Многолетние скопления органики в придонно-почвенном субстрате способствуют заилению и закислению пойменных нерестовых водоемов. Это увеличивает опасность весенне-летних заморозов рыб. Изучено состояние протоков, соединяющих водоемы поймы с речным руслом. По данным протокам в весенний паводок заливается вода и заходят на нерест производители частичковых рыб. Протяженность отдельных протоков колеблется от 800 м до 17 км, общая протяженность составляет 1215 км. Большая протяженность протоков и сложный рельеф русла делает их наиболее уязвимым местом озерно-пойменной системы. Ввиду повышенной влажности в летнее время они быстро зарастают травой, что вызывает их занесение песком и илом. Также в протоки течением заносится в паводок много коряг. Все это вызывает засорение русла протоков и препятствует обводнению нерестовых площадей, заходу на нерест рыб и последующему скату отнерестившихся производителей и молоди в реку. В относительно благополучном состоянии находится лишь 318 км протоков. Это в основном прямолинейные участки за пределами пойменных лесов, ежегодно промываемые паводком. Изучение русловых нерестилищ литофильных рыб показало, что они ежегодно закоряживаются и заиливаются в весенний паводок, и зарастают ивняком в летний период. В результате этого они размываются весенним паводком и заносятся песком и илом. В связи с нестабильностью гидрологического режима в период весеннего паводка, для улучшения условий нереста частичковых рыб необходимо ежегодное проведение текущей технической мелиорации пойменных нерестилищ общей площадью 1705 га. На данных площадях необходимо проведение рыбохозяйственной мелиорации: расчистка от органических древесных загрязнителей, известкование ложа с целью нейтрализации закисленной среды и улучшения структуры донного грунта. Для улучшения обводнения пойменных нерестилищ в условиях низкого паводка необходимо проведение очистки и углубления соединительных протоков общей протяженностью 897 км.



**СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

- 1 Макеева А. П. Атлас молоди пресноводных рыб России / А. П. Макеева, Д. С. Павлов, Д. А. Павлов. – М. : ООО «Галлея-принт», 2011. – 379 с.
- 2 Расс Т. С. Инструкция по сбору икринок и личинок рыб. ВНИРО / Т. С. Расс, И. И. Казанова, 1958. – С. 4-9.
- 3 Коблицкая А. Ф. К изучению нерестилищ пресноводных рыб / А. Ф. Коблицкая. – Астрахань, 1963. – С. 6-17.
- 4 Правдин И. Ф. Руководство по изучению рыб / И. Ф. Правдин. – М. : Пищевая промышленность, 1966. – 376 с.
- 5 Коблицкая А. Ф. Определитель молоди пресноводных рыб / А.Ф. Коблицкая – М. : Наука, 1981. – С. 12-21, 30-37, 40-43, 53-153.

**ТҮЙІН**

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысындағы Жайық өзеніндегі балықтардың табиғи көбею жағдайы қаралған. 2012 жылғы және оған дейінгі жылдардағы балық шабақтарының көбеюі туралы мәліметтер көрсетілген. Балықтардың уылдырықтауының төмендеуі себептері қаралған.

**RESUME**

The condition of natural reproduction of the Ural River fish in West Kazakhstan region is considered in the article. The data on thresh productivity for 2012 and a number of previous years is given. The reasons of decrease in spawning efficiency are considered.



## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ГЕОДЕЗИЯ

УДК 528.46

**С. К. Садыров**, экология магистрі, аға оқытушы

**Л. А. Молдағалиева**, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

### ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ШЕКАРАСЫНЫҢ СЫНАЛАНУЫН ТҮЗЕУЛЕУ ҮШІН АУДАНДЫ ТРАПЕЦИЯ ӘДІСІМЕН ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

#### Аннотация

Қазіргі заманда ауыл шаруашылығын дамыту республиканың барлық аймақтары бойынша жоғары қарқын алу үстінде. Ауыл шаруашылық алқаптарын пайдалану барысында қызмет көрсету саласы да үлкен рөлге ие болып отыр. Осыған байланысты ауыл шаруашылық кәсіпорындары жер пайдаланулары арасында қалыптасқан шекара сызықтарының сыналануы ауыл шаруашылық өндірісінің дамуына айтарлықтай кедергі келтіреді. Сондықтан да осы келеңсіздіктерді жою мақсатында жер пайдаланулар арасындағы шекараның сыналануын түзеулеуіне қатысты бірқатар геодезиялық жұмыстардың әдістері қарастырылады.

*Түйін сөздер:* шекара, аудан, нүкте координаталары, ішкі бұрыш, дирекциондық бұрыш, румб, координата өсімішелері

Жерге орналастыру ғылымының дамуы негізінен халық шаруашылығында жүргізілетін өндірістік үрдістердің қажеттіліктерінен туындайды. Жерге орналастырудағы және кадастрдағы геодезиялық жұмыстар белгілі бір ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында пайда болған өндірістік үрдістерді орындау үшін жүргізіледі. Көзделетін ауыл шаруашылық кәсіпорыны жерлерінің ауыл шаруашылық мақсатына пайдаланылуына қарай, ең алдымен ішкі шаруашылық жерге орналастырудың техникалық жобасы жасакталады. Осы аталған ауыл шаруашылық кәсіпорнының техникалық жобасы ауыл шаруашылық алқаптары алып жатқан аумақтың ішкі танапаралық және сыртқы алқапаралық шекараларының дұрыс орналасуы жағдайларын анықтайды.


Қызмет көрсету саласында геодезиялық жұмыстардың алатын орны зор. Осыған байланысты жерге орналастыру мен кадастр саласында да геодезиялық жұмыстар жүргізу әлі күнге дейін үлкен маңызға ие болады. Қазіргі замандағы озық технологиялардың пайда болуына қарамастан, оның түп негіздерін білу өте қажет болып есептеледі [1]. Әсіресе, біздің кең байтақ аумақты алып жатқан республикамызда жерлерді пайдалану негізінен ауыл шаруашылық алқаптары ретінде игеруден тұрады. Нарықтық экономикаға өткелі бері, көптеген ауыл шаруашылық кәсіпорындары (кеңшар, ұжымшар және т.б.) құлдырауға ұшырап, олардың орнына ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың жаңа формациялары пайда болды. Жерге жеке меншіктің пайда болуынан, ауыл шаруашылық алқаптарының пайдаланылуының шектелуіне қатысты босалқы жер деген термин кең етек алды. Сонымен қатар жеке кәсіпкерліктің дамуы да үлкен мәнге ие болды. Шаруа қожалықтарының жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және т.б. пайда болуынан, ауыл шаруашылығы өндірісі біраз алға жылжыды. Алайда босалқы жерлердің көлемі бұрынғыдан да басқа кейіпке ене бастады. Ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалануда, үлкен аумақты алып жатқан жерлердің теңбілденуі жиі орын алды. Осындай кері үрдістің орын алуынан, әрине жер пайдаланулар арасындағы шекаралардың орналасуында үлкен айырмашылықтарға алып келеді.

Біздің мысалымызда қарастырылған әдістердің қатарын жер пайдаланулар арасындағы шекаралардың сыналануын түзеулеуде ауданды жобалаудың трапеция әдісі қолдану толықтыратын болады. Себебі, бұрынғы қарастырған әдістерімізге ауданды үшбұрыш әдісімен жобалаудың графикалық және аналитикалық тәсілдерін қарастыру жатқан болатын [2]. Нақтырақ айтар болсақ, ішкі шаруашылық жерге орналастырудың техникалық жобасын қарастыру барысында жер пайдаланулар арасындағы шекаралардың сыналануын түзеулеуде ауданды үшбұрыш әдісімен жобалау арқылы графикалық тәсілмен ауданын анықтаумен жүргізілді. Жобалық шекараның нәтижесі мынадан тұрады: жобалық  $K$  нүктесінің соңғы  $G$  нүктесінен арақашықтығы 123,82 м құрап, осыдан құрылған полигонның екі жақ жер пайдалану бойынша айырмашылығы  $1291 \text{ м}^2$  (0,1 га) құрады.

Екінші ретте дәл осы ауданды үшбұрышпен жобалау әдісі барысында бастапқы нүктеден бастау әдісін қолдана отырып, аналитикалық тәсілмен есептеу нәтижесі былай болды: жобалық  $K$  нүктесінің соңғы  $G$  нүктесінен арақашықтығы 122,09 м құрап, осыдан құрылған полигонның екі жақ жер пайдалану бойынша айырмашылығы  $P=29,46 \text{ м}^2$  (0,00 га) құрады.

Ендігі ретте жер пайдаланулар арасындағы шекаралардың сыналануын түзеулеу үрдісі барысында белгілі бір сызықтық нысанға параллель бағдарлай отырып трапециямен жобалау әдісін қолданудың ерекшеліктеріне тоқталатын боламыз [3].

Жер пайдаланудағы жер телімінің сыналанған шекара сызықтарын түзеулеу үрдісін тағы осы сияқты белгілі бір сызықтық нысанға параллель бағдарлай отырып, трапециямен жобалау әдісін қолданамыз. Біздің мысалымызда белгілі бір нысан ретінде жол құрылысының нысаны алынады. Біздің қалыптастыратын жаңа шекарамыздың сызығы дәл осы нысанға параллель бағдарланып түсуі қажет. Оның сұлбалық сызбасы төмендегі суретте көрсетілген (1-ші сурет).



1 сурет – Ауданды трапециямен жобалау сұлбасы

Бұл әдіспен  $AB$  және  $GH$  сызықтарының осьтері бойына  $QR$  жобалық нүктелері мен арақашықтығын қалыптастырамыз. Осы сызық пен нүктелердің дәл орындарын анықтау үшін тағы бір жобалық нүктенің орнын анықтаймыз. Ол нүктені бастапқы  $B$  нүктесімен қосу арқылы орнын табамыз және оны  $O$  нүктесі деп аламыз.  $O$  нүктесі  $GH$  сызығының сыртқы осінде орналасқан жобалық бақылау нүктесі болып табылады. Сондықтан да біз  $O$  нүктесінің  $x, y$  координаттарын есептейміз [4].

1 кесте – *O* нүктесінің координаттарын анықтау ведомосі

Нүкте №	Ішкі бұрыш, $\beta$	Дирекциондық бұрыш, $\alpha$	Румб, $r$	Арақашықтық, $d$	Координат өсімшелері		Нүкте координаттары	
					$\Delta x$	$\Delta y$	x	y
<i>G</i>	73°10'36"						1082,50	3612,50
		15°40'36"	СШ: 15°40'36"	122,06	-63,50	10,17		
<i>O</i>	105°40'36"						1019,00	3622,67
		270°00'00"	ОБ: 86°46'02"	3182,67	0,00	-3182,67		
<i>B</i>	1° 08' 48"						1019,00	440,00
		88°51'12"	СШ: 88°51'12"	3173,13	+63,50	3172,5		

Есептелген *O* нүктесінің координаттары арқылы ары қарай аналитикалық тәсілмен ауданын анықтап, қалыптасқан полигонның алгебралық суммасын аламыз. Жер пайдалану шекарасының сыналған сызықтары негізінде пайда болған полигон ауданының айырмашылығы төменде келтіріледі (2-ші кесте).

2 кесте – *BCDEFGO* полигонының ауданын аналитикалық тәсілмен анықтау

№	X	Y	$X_{R+1}-X_{R-1}$	$Y_{R-1}-Y_{R+1}$	$Y_R(X_{R+1}-X_{R-1})$	$X_R(Y_{R-1}-Y_{R+1})$
<i>B</i>	1019,00	440,00	336,00	2662,68	147840,00	2712370,92
<i>C</i>	1355,00	932,00	173,50	-1612,50	161702,00	-2184937,50
<i>D</i>	1192,50	2052,50	212,50	-1643,00	436156,25	-1959277,50
<i>E</i>	1567,50	2575,00	-955,00	-942,50	-2459125,00	-1477368,75
<i>F</i>	237,50	2995,00	-485,00	-1037,50	-1452575,00	-246406,25
<i>G</i>	1082,50	3612,50	781,50	-599,68	2823168,75	-649153,60
<i>O</i>	1019,00	3594,68	-63,50	3172,50	-228262,18	3232777,50
					$\Sigma 1 = -571095,18$	$\Sigma 2 = +571095,18$
$2P = 571095,18 \text{ м}^2$ $P = 285547,59 \text{ м}^2 = 28,55 \text{ га}$						

Кесте нәтижесі бойынша  $P = 285547,59 \text{ м}^2$  (28,55 га) мәнін аламыз. Осы шыққан ауданның мәнін трапециямен жобалаймыз. Бұл үшін бірқатар есептеу формулаларын қолданамыз.

1)  $\alpha$  және  $\beta$  бұрыштарының мәндері *O* және *B* ішкі бұрыштарына тең, яғни  $\alpha = 105^\circ 40' 36''$  ал  $\beta = 91^\circ 43' 01''$  кұрайды.

2) Осы арқылы бұрыштардың котангенстерін табамыз.

$$\text{ctg} \alpha = \frac{1}{-33,36079} = -0,029987$$

$$\text{ctg} \beta = \frac{1}{-3,56318} = -0,28065$$

3) *QR* арақашықтығын табамыз. Ол үшін мына әрекеттерді жасаймыз.

$$BO = a = 3154,68$$

$$A = 2P(\text{ctg} \alpha + \text{ctg} \beta) = 571095,18 \cdot (-0,31063) = -177399,29$$

$$QR = b = \sqrt{a^2 - 2P(\text{ctg} \alpha + \text{ctg} \beta)} = \sqrt{9952005,90 - (-177398,29)} = 3182,67$$

4) Алынған есептеу бойынша *QR* сызығына *B* нүктесінен перпендикуляр түсірілетін арақашықтықты немесе *h* биіктігін есептейміз.

$$h = \frac{2P}{a + b} = \frac{571095,18}{6337,35} = 90,12 \text{ м}$$

5) Осы табылған  $h$  мәні арқылы  $c=OR$ ,  $d=BQ$  арақашықтықтардың мәндерін төмендегідей формуламен табамыз.

$$c = \frac{h}{\sin \alpha} = \frac{90,12}{0,96280} = 93,60 \text{ м}$$

$$d = \frac{h}{\sin \beta} = \frac{90,12}{0,99955} = 90,16 \text{ м}$$

Осы шыққан нәтижелерді  $R$  және  $Q$  нүктелерінің координаталарын табу ведомосіне салып, тура геодезиялық есептеу үрдісіне қосамыз (3-ші кесте).

3 кесте –  $BO$  сызығына параллель келетін  $QR$  сызығын шеткі нүктелерінің координаталарын есептеу ведомосі

№	$\beta$	$\alpha$	$r$	$d$	$\Delta x$	$\Delta y$	x	y
$B$	91°43'01"						1019,00	440,00
		58°16' 59"	СБ:143°01' 00"	90,16	+90,12	-2,70		
$Q$	88°16'59"						1109,12	437,30
		90°00' 00"	СШ:90°00' 00"	3182,67	0,00	+3154,68		
$R$	74°19'21"						1109,12	3619,97
		195°40' 36"	СШ:15°40' 36"	93,60	-90,12	-25,29		
$O$	105°40' 36"						1019,00	3594,68
		270°00' 00"	ОБ:90°00' 00"	3182,67	0,00	-3182,67	1019,00	440,00

Енді  $\Delta x$  және  $\Delta y$  мәндерін тура геодезиялық есептеумен шығарып ( $\alpha(\text{deg} \rightarrow \text{v})d(a \rightarrow 2\text{ndf} \rightarrow \text{v}(\Delta x)\text{v}(\Delta y))$ ) оның өсімшелерінің нәтижелерін төмендегідей тексереміз.

$$\Delta X = h = 90,12 \text{ мәнінің таңбасын румбтар бойынша қоямыз}$$

$$\Delta y = h \text{tg} = 1043,01(\text{deg} \rightarrow \text{tg}) \cdot 90,12 = 2,70$$


$$\Delta y = 154036(\text{deg} \rightarrow \text{tg}) \cdot 90,12 = 25,29$$

Тексеріс нәтижелері дәл көрініс тапты. Бұл біздің әрі қарай есебіміздің шешімін табуға септігін тигізеді. Алынған  $QR$  нүктелерінің координаттары көмегімен жаңадан қалыптасқан полигонның ауданын аналитикалық тәсілмен алгебралық суммасын анықтаймыз. Бұл сумма өз кезегінде теңестіру нәтижесінің қаншалықты дәрежедегі айырмашылығын көрсетеді. Оны төмендегі кестеде есептеп көрсетеміз (4-кесте).

4 кесте – Координат ұштарының мәндері арқылы жаңа қалыптасқан полигонның ауданын аналитикалық тәсілмен есептеу

№	X	Y	$X_{R+1}-X_{R-1}$	$Y_{R-1}-Y_{R+1}$	$Y_R(X_{R+1}-X_{R-1})$	$X_R(Y_{R-1}-Y_{R+1})$
$B$	1019,00	440,00	245,88	-494,70	108187,20	-504099,30
$C$	1355,00	932,00	173,50	-1612,50	161702,00	-2184937,50
$D$	1192,50	2052,50	212,50	-1643,00	436156,25	-1959277,50
$E$	1567,50	2575,00	-955,00	-942,50	-2459125,00	-1477368,75
$F$	237,50	2995,00	-485,00	-1037,50	-1452575,00	-246406,25
$G$	1082,50	3612,50	871,62	-624,97	3148727,25	-676530,03
$R$	1109,12	3619,97	26,62	3175,20	96363,60	3521677,82
$Q$	1109,12	437,30	-90,12	3179,97	-39409,48	3526968,33
					$\Sigma 1=26,82$	$\Sigma 2=26,82$
$2P=0,00 \text{ м}^2$ $P=0,00 \text{ м}^2=0,00 \text{ га} (0,00 \text{ г а})$						

Есептеу нәтижесі бойынша жаңадан қалыптасқан полигонның алгебралық суммасы  $P=0,00 \text{ м}^2$  (0,00 га) құрап отыр. Осыдан біз осы әдістің бірінші қолданылған әдіске қарағанда әлдеқайда дәл екендігін көрсететіндігіне көз жеткіземіз. Бұл әдіс бойынша қалыптасқан жаңа шекарасы  $AQRH$  нүктелері арқылы өтетіндігін бөліп көрсете аламыз. Оны төменде келтірілген суреттен көре аламыз (2-ші сурет).



2 сурет – Трапециямен жобалау нәтижесі

Жоғарыда ғылыми тұрғыда талданып кеткен әдістердің ішінен қайсысының аса дәл екендігіне көз жеткізе отырып, біз тағы бір бақылау әдісін көрсетеміз. Ол бұл ретте алға қойылған міндеттерден тыс қарастырылатын әдіс болып келеді. Мұны біз үшбұрышпен жобалау әдісі деп қарастырамыз. Сонымен істің реттілігіне үңілсек берілген жобалық  $K$  нүктесінің дәл координаттарын анықтау керек (5-кесте).

5 кесте – Жобалық  $K$  нүктесінің координаттарын есептеу ведомосі

№	$\beta$	$\alpha$	$r$	$d$	$\Delta x$	$\Delta y$	$x$	$y$
$B$							1019,00	440,00
		$88^\circ 51' 12''$	СШ: $88^\circ 51' 12''$	3173,13	+63,50	+3172,50		
$G$	$106^\circ 49' 24''$						1082,50	3612,50
		$151^\circ 40' 36''$	ОШ: $28^\circ 19' 23''$	122,07	-117,53	+32,98		
$K$	$74^\circ 19' 21''$						1200,03	3645,48

Мұнда келтірілген өлшем бірліктерінің есептелуі жолдарына тоқтала кетсек,  $K$  нүктесінің дәл координаттарын анықтау үшін берілген ( $BG$ ) дирекциондық бұрышын қоя отырып,  $G$  нүктесінің ішкі бұрышын анықтаймыз. Ол үшін ( $BG$ ) және ( $GH$ ) дирекциондық бұрыштары қажет.

$$\beta_G = (BG) + 180^\circ - (GH) = 88^\circ 51' 12'' + 180^\circ - 15^\circ 40' 36'' = 106^\circ 49' 24''$$

Табылған  $G$  бұрышы арқылы  $GK$  арақашықтығын төмендегі формуламен анықтаймыз.

$$GK = \frac{2P}{BG \sin \beta_G} = \frac{370774}{3173,13 \cdot \sin 106^\circ 49' 24''} = 122,07 \text{ м}$$

Мұнда  $2P$  – жобаланатын ауданның екі есесі. Содан соң координаталар ведомосіне  $GK$  нүктесі аралығына 122,07 м қойылып, берілген дирекциондық ( $GK$ ) бұрышымен тура геодезиялық есептеу арқылы координата өсімшелерін табамыз. Кестеден көріп отырғанымыздай шыққан координата өсімшелері арқылы  $K$  нүктесінің  $x, y$  координаталарын анықтаймыз.

$K$  нүктесінің табылған координата мәндерін аналитикалық тәсілмен ауданды анықтау кестесіне енгіземіз. Ары қарай  $BCDEFGK$  нүктелерінің координаталары арқылы ауданды аналитикалық тәсілмен анықтау жолымен алгебралық суммасын анықтаймыз (6-кесте).

6 кесте – Жобалық  $K$  нүктесін қоса есептегендегі қалыптасқан полигонның ауданын анықтау

№	X	Y	$X_i Y_{i+1}$	$X_{i-1} Y_i$	Аудан
B	1019,00	440,00	949708,00	596200,00	$2P = \Sigma 1 - \Sigma 2 =$ $= 3,31 \text{ м}^2$ $P = 1,65 \text{ м}^2 =$ $= 0,00 \text{ га}$
C	1355,00	932,00	2781137,50	1111410,00	
D	1192,50	2052,50	3070687,50	3217293,80	
E	1567,50	2575,00	4694662,50	611562,50	
F	237,50	2995,00	857968,75	3242087,50	
G	1082,50	3612,50	3946232,10	4335108,37	
K	1200,03	3645,48	528013,20	3714744,12	
			$\Sigma 1 = 16828409,55 \text{ м}^2$	$\Sigma 2 = 16828406,24 \text{ м}^2$	

Кестеде берілген мәніне қарай жер пайдаланудың жер телімдерінің ауданының теңге бөліну айырмашылығы  $1,65 \text{ м}^2$  ( $0,00 \text{ га}$ ) құрап отыр. Бұны алдыңғы екі әдіспен салыстырғанда әлдеқайда дәл анықталғандығына куә боламыз. Әрине бұл әдіс өз сипаты жағынан 1-ші әдіске ұқсас болғанымен айта кететін артықшылығы нүктенің координаттарын анықтау барысында тез жүргізілетіндігін атап айтамыз.

Жоғарыда қаралған ауданды трапеция әдісімен жобалаудың көмегімен, жер пайдаланулар арасындағы шекара сызықтарының сыналануын түзеулеу үрдісін екі тәсілмен есептеу жүргізілген болатын. Бірінші тәсілі барысында жобалық сызықты белгілі бір сызықтық нысанға (мысалы, жол) параллель жобалау арқылы түзеулеу үрдісі жүргізілсе, ал екінші тәсілінде бастапқы және соңғы  $BK$  бақылау сызығынан трапеция әдісі арқылы түзеулеу үрдісі қарастырылған болатын. Бірінші тәсілі бойынша жер пайдаланулар шекаралары арасындағы аудандар айырмашылығы  $P = 13,41 \text{ м}^2$  ( $0,00 \text{ га}$ ) құраса, ал екінші тәсілі бойынша  $1,65 \text{ м}^2$  ( $0,00 \text{ га}$ ) құрап отыр. Бұл дегеніміз әрине, маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұдан әрі қарай да жер пайдаланулар арасындағы шекараларының сыналануын түзеулеудің тәсілдерін зерттеу қолға алынатын болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Неумывакин Ю. К. Геодезическое обеспечение землеустроительных и кадастровых работ [Текст] : справ.пособие / Неумывакин Ю. К., Перский М. И. - М. : Картгеоцентр-Геодезиздат, 1996. – 344 с.

2 Дубенок Н. Н. Землеустройство с основами геодезии [Текст] : учебник / Под ред. Б. Б.Шумакова. - М. : КолосС, 2003. – 320 с.

3 Маслов А. В. Геодезия [Текст] : учеб. / Маслов А. В., Гордеев А. В., Батраков Ю. Г. - 6-е изд., перераб. доп. - М. : КолосС, 2006. - 598 с. : ил. - (Учеб. и учеб. пособ. для студ. высш. учеб. завед.).

4 Маслов А. В., Горохов Г. И., Ктиторов Э. М., Юнусов А. Г. Геодезические работы при землеустройстве [Текст] : учебник / Маслов А. В. и др. - М. : Недра, 1978г. – 256с.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассмотрены необходимые способы для спрямления границ землепользований. Например, при проектировании площадей методом трапеции, между способом ориентирования на линейный объект и способом исходящего от контрольной линии, вышла разница 1,65 м<sup>2</sup> (0,00 га). Таким образом, первый способ считается более достоверным в расчетах, чем второй.

### **RESUME**

Necessary ways for flattening of land tenures borders are considered in the article. For example, at design of the areas by trapeze method, between way of orientation on linear object and way proceeding from the control line, there was a difference of 1,65 m<sup>2</sup> (0,00 hectares). Thus, the first way is considered more reliable in calculations, than the second.



ӘЖК 282

**Сарсенов К.**, философия ғылымдарының кандидаты, доцент  
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

### **АБУ БАҚР ХАЛИФ: АҢЫЗ БЕН ШЫНДЫҚ**

#### **Аннотация**

Абу Бакр – мұсылмандар пір тұтатын төрт халифтың алғашқысы. Корейштердің ішінде бірінші болып ислам дінін қабылдаған және Мұхаммед Пайғамбардың ең жақын серігі болған. Бар болғаны екі жыл (632-634) халиф болған жылдары өте көп істер тындырып ислам дінінің одан әрі дамып кетуіне үлкен үлес қосты. Абу Бакр араб-мұсылман мемлекетінің негізін қалаушы. Оның ең басты еңбегі Құранды жаздыруы.

*Түйінді сөздер:* Абу Бакр, халиф, ислам діні, Құран, мұсылман

Мұсылман ғұламалары мен көрнекті араб тарихшыларының өздері ал-асхаб немесе ас - сахаба деп Мұхаммед пайғамбардың «үзеңгілес жолдастарын» айтады. Олар бірінші болып ислам дінін қабылдағандар және барлық кедергілер мен қиыншылықтарға қарамастан дін жолынан таймағандар, пайғамбарға адал болған адамдар. Сахабалар ислам дінінің алғашқы үгітшілері мен қорғаушылары, олардың бірқатары араб-мұсылман дүниесін жасауда орасан зор еңбек сіңірді. Пайғамбар сахабаларының айтып жеткізуге болмайтын ең басты тарихи табысы – Мұхаммед дүниеден кеткеннен кейінгі ол бастаған істің өшіп қалмай, қайта кең етек жайып, Алла сөзінің араб жерінен де тыс аймақтарға тарауы, ұлттық араб мемлекеттерінің пайда болуы, бүгінгі дүниежүзілік өркениетте қомақты үлесі мен орны бар мұсылман мәдениетінің жасалуы.

Тарих неғұрлым «тартымды» болған сайын оған қызығушылар мен «қатысушылар» көп болады. Бір мезгілдерде Пайғамбар сахабаларының қатарына Мұхаммедті тірі кезінде көре қалған, тіпті бала жасынан аспаған адамдар да жатқызылып жүрді, мысалы Омар халифтың тұсында олардың саны 10 мыңнан асып кетті.

Шынында Мұхаммедтің «үзеңгілестері» жүз шақты, ал олардың әрқайсысының мыңға тұрары хақ еді. Солардың ішінде шоқтығы биік бір адам бар, ол – мұсылман қауымының екінші адамы – Абу Бакр ас – Сыдық. Құранда Абу Бакр Мұхаммедтің «жалғыз ғана серігі» ретінде бағаланған (9:40). Бұл бірінші халифке берілген әділ баға. Абу Бакрдың туған жылы екі датамен көрсетіліп жүр: 568 және 572. Егер 568 жылды басшылыққа алсақ, Абу Бакр Пайғамбардың өзінен 2 жас үлкен болып шығады да, 634 жылы 23 августта 66 жасында дүниеден озады. Ал егер ол 572 жылы туған болса, онда Мұхаммедтен 2 жас кіші болып, 62 жасында қайтыс болады. Абу Бакрдың 4 жасына байланысты туған таласқа араласып отырғанымыздың басты себебі мынада. Меккеде алғашқы мұсылман қауымын құрушылардың дені жастар, солардың ішінде әке-шеше наразылығына қарамастан Мұхаммедтің уағызына ден қойған бай тұқымның да балалары болған. Сондықтан Мұхаммедті мұқатқысы келген құрайыштар « Мұхаммед жастарды желіктіріп жүр» деп те кінәлаған. Сол кезде Абу Бакр бірнеше жерде өзінің жасы Мұхаммедтен де үлкен екендігін, бірақ одан ол Мұхаммедтің расулдығына шек келтірмейтіндігін қайта – қайта ескертіп отырған. Мұхаммед қауымға жасөспірімдерді ата-ана рұқсатынсыз, ал құл мен күндерді, яғни басында еркі жоқ адамдарды қожаларының ризалығынсыз қабылдамаған. Бала ата-ананың толық еркінде саналған қоғамда өмір сүрген Мұхаммед екінші жағдайда да адамгершіліктің ала жібін аттамай отыр. Ол заманда еріксіз адам құдай таңдауда да хұқылы емес еді және арабтардың барлық құдайлары Қағбада

тізіліп тұрған-ды. Мауланың (біреуге бағынышты адам) Алла сөзіне құлақ түргенін іштей құптағанымен, Мұхаммед оны мұсылмандар қатарына жатқызған жоқ. Себебі оның өміріне үлкен қауып төнетін, қожасы оған үлкен жаза қолданары сөзсіз еді. Мұсылмандар қатарының біраз жылдары бойы аз болуы басқа қиыншылықтарды былай қойғанда, Пайғамбардың осындай талаптарына да байланысты болды. Мұхаммед әуел бастан-ақ дінге үлкен сеніммен және сондықтан да өз еркімен кіруді жақтаған, өзінің көзі жұмылғанша осы принциптен тайған емес, ресми уағыздары мен мұсылмандармен жиі болатын әңгімелерінде бұл туралы көп айтып, діннің қасиеті сенім бар жерде қастерленетінін үнемі ескертіп отыратын.

Ал Абу Бакрдың құрайыштар арасындағы беделі хиджараға дейінгі ислам үшін өте-мөте пайдалы болды. Еш жерде көрсетілмесе де, оның Мұхаммедпен достығына қарағанда, Пайғамбардың ең жақын кеңесшісі болғандығы күмәнсіз. Абу Бакр дін жолында табанды қызмет етумен бірге өз байлығын да аямаған. Құран мен хадистерде көп кездесетін Алла жолындағы дәйектілік пен ақ жүректілікке үлгілік есімі көрсетілмесе де осы Абу Бакрден алынған. Бала күнімізде ауылымыздың Халел деген бір қарты мынадай әңгімені анда-санда қозғап қоятын. Әрбір адамның өмірінің үш кезеңі болады екен. Біріншісі – жанұя құрғанша, екіншісі кезеңі өзінің өмірінің мәнін түсінгенше... байқаусыз өте береді екен де, ал үшінші ең қызықты, бірақ ты қысқа нағыз өмірі өмір сүрудің өзі бақыт екендігін сезгенде басталады екен. Сонда тіпті жар сүйіп, ұрпақ өсіргендегі жылдарымыздың өзі өмір өзегінен өтудің орнына көпшілік өткен жолды жай қайталау болып қала ма деген күдікті ой көңіліңді мазалайды. Абу Бакрдің үшінші өмірі ол халиф болған кезден басталады. Пайғамбардың өлімі тосын болмағанымен, мұсылман қауымының дағдарып қалғаны рас. Ол басталған іс басқа жұрт түгіл, араб қанына да етене болған жоқ еді, ал меккалықтардың арасында қуанашытарын жасырмағандар да табылды, солтүстіктегі бірқатар араб тайпалары біз мұсылмандықты Мұхаммедтен алғанбыз, ал ол өлген соң өз еркіміз өзімізде деген сияқты дін жолынан тайықсу саясатын бастады. Осындай жағдайда Мұхаммедтің орнын басу екінің бірінің қолынан келе бермейтіні даусыз еді. Избасардың мұхаджирден болу керектігі көп талас тудырған жоқ, себебі құрайыштар қалай дегенмен де өз қандасынан қашпас еді, ал жаңа жағдайда Меккенің ролі артпаса, кеміген жоқ. Мұхаммед серіктестерінің Абу Бакрге тоқтауы да тегін емес. Абу Бакрдың ислам діні мен оның Пайғамбарының алдында еңбегі де, беделі де болғандығын мұсылмандардың барлығы білетін. Мұхаммед өзінің тірі кезінде Абу Бакрды Имам жасаған болатын.

Абу Бакр Пайғамбардың тірі кезінде-ақ тектен-тек оның оң қолы болмағандығын және де Мұхаммедтің бірінші сахабасы екендігін, жалпы діни дайындығы мен кемеңгерлігі мол екендігін өзі халиф болған кездегі өмірінің соңғы екі жолында толық дәлелдеп кетті. Қысылтаяң сәтте, басқа жүк түскенде адам сыналады, оның қайраты мен қажыры немесе қуыс кеуделігі сонда көрінеді. Соңғы күндері көп уақытын Пайғамбар қасында өткізіп жүрген Абу Бакр бір сәт аз ғана демалуға өз үйіне кеткенде, артынша суық хабар жетіп тез оралады. Келсе, жылаған бала-шаға мен аңтарылған ерлерге, тез-ақ арада жиылып қалған жұртқа Омар жұбаныш айтып тұрған екен. Алғашында Мұхаммедке қас адамдардың бірі, бірақ 616 жыл ислам дініне өткелі оның Пайғамбарлығына шексіз сенген, әсіресе Мединеде жақын адамдарының біріне айналған Омар Пайғамбарлар мәңгі өлмейді, олар қайтадан тіріледі, Мұхаммед те Мұса пайғамбар сияқты бізге қайта оралады деп тұр екен. Бұндай түсініктің ислам жүйесінен гөрі пұтқа табынушылыққа жақын адасушылық және ең бастысы жаңа дін үшін аса қауіпті екендігін бірден сезген Абу Бакр Омарды тез тоқтатып, жиналғандарға былай дейді: «Мұхаммед-ақырғы-соңғы Пайғамбар, одан бұрын да пайғамбарлар өткен. Егер ол соңғы өлсе, немесе өлтірілсе онда кері кетер ме едіңдер? (Яғни, діннен таяр ма едіңдер?) Кімде-кім кері шегініп кетсе, одан Аллаға келетін ешбір зиян жоқ. Алла шын мүминдеріне рақымын жасай береді.»(3:144) Абу Бакрдың бұл ұстамды сөздері көп адамды ойландырып тастайды және ақыр соңында мұсылман қауымының өзін қалауына да септігін тигізді. Бірақ бұл жолы да ол пайғамбарлар тарихы Мұхаммедпен аяқталады, ендігі жердегі басшылар тек оның избасарлары (халиф) ғана бола алады деп тағы да ұстамдылық көрсетеді. Бұл үлкен саяси және мемлекет қайраткерінің сөзі мен ісі еді. Мұхаммедтен де басқа да пайғамбарлардың топ-топ болып қайтадан қаптауы қалыптасып үлгермей жатқан мұсылман дінінің өшуімен бірге жалпы араб дүниесіндегі жаңа жіктердің туатындығын Абу Бакр аңғарып үлгерген еді.

Бас-аяғы бір айға жетпейтін уақыт ішінде жас ислам тарихында бірінші халиф көп іс тындырды. Ол ең алдымен солтүстіктегі, Йемендегі, Недж тағы басқа жерлердегі Мұхаммедтің көзі жұмылысымен исламға қарсы басталған қарсылықтарды күшпен басып тастады. Жаңа дінді қабылдап үлгермеген араб тайпаларына Пайғамбардың кезіндегідей өз елшілерін жіберіп отырды. Осы уақытта көп талас тудырған мәселенің бірі-садақа туралы еді. Бүгінде садақаның әрбір мұсылман адамның өз басы үшін немесе басқа бір адам үшін өз еркімен беретін жоралғысы екендігі белгілі. Мұхаммедтің өз кезінде-ақ оның елшілеріне сый-сыйапат көрсету және мұсылман қауымының қазынасына арнап садақа беру дағдыға айнала бастаған-ды. «Сөз – бұйдалық» пен «ұзын арқан-кең тұсауға» бұрыннан үйір араб жұрттарының мұсылман болып «үлгерген» кейбір тайпалары «біз мұсылмандылықтан қашпаймыз, бірақ садақа берудің қанша қажеті бар» деген әңгіме бастайды. Бұның аяғы немен тынарын сезген Абу Бакр садақа бермеген адам мұсылман емес деген шартынан таймайды. Бұл жерде ислам дініне қауіп сырттан емес, іштен төнді. Мәселенің түпкі төркінін түсінбеген халифтың айналасындағы бірқатар адамдар да садақа үшін мұсылмандардан өзіміз айырыламыз ба деген күңкілді көтере бастады. Бұл бергі тарихтағы партия мүшесі деп кімді айтуға болады деген большевиктер мен меньшевиктер арасындағыдай болашақ үшін талас еді. Абу Бакр беделі мен қайсарлығы арқасында бұл мәселеде де жеңіп шықты. Сол бір-екі аумалы-төкпелі айда бірінші халифтің әрекеті ислам туының мықты қолда екендігіне жас діннің жанашырларының да, қастарының да көздерін жеткізді. Шындығына келгенде, ислам тарихының жаңа беттері жазылып жатты. Сөз жоқ, Абу Бакрдың тарихи еңбегі – араб мемлекетінің – халифаттың негізін қалауы, мемлекеттік жүйелерді өз қолымен жасауы. Бұл істің басы Мұхаммедтің тірі кезінде басталып еді және оған ерекше мән берген де осы Абу Бакр болатын. Бұл салада өкімет мәселесі өзінен-өзі оп-оңай-ақ шешіліп жатты десек ештеңе айтпағандай боламыз. Дүниежүзінің көптеген елі мен жерінде, о заман мен бұ заманда осы үкімет үшін, біреуге бақ әкелетін, біреуге сор әкелетін осы тақ үшін тіпті ағайындылар да қанды қырғынға бармап па еді?! Мұхаммед расулдығын тану оған саяси-азаматтық, басқа хұқтарды сеніп тапсырумен пара-пар болды. Сондықтан Абу Бакрдың халифтығын тану екі өкіметтің де – азаматтық және діни хұқтарын берумен бірдей болды, ал бұның өзі ақырында кешегі құм арасында тарыдай бытырап жүрген араб жұртының бір тудың астына тас түйіндей тез арада жинала қалуына жағдай жасады. Бұл әрине кейбіреулерге ұнамады және бүгін де ұнамайды. Сондықтан европалықтардың исламды күндей беретіндері де түсінікті.

Пайғамбардың ісін жалғастыруда, мемлекеттік жүйені жасауда және болашақта да араб дүниесінің басты құралы керектігін басқалардан ерте түсінген Абу Бакр Алла сөзін бірінші болып қағазға жазғызды. Құран бүгінде бүкіл мұсылман әлемінің қасиетті кітабына айналып отыр.

### **РЕЗЮМЕ**

Абу Бакр (ок.572-23 августа 634) – первый из четырех «праведных» халифов. Одним из первых среди корейшитов принял ислам. Был единомышленником и соратником Пророка Мухаммеда. После смерти Пророка был провозглашен халифом, то есть наследником и продолжателем дела Пророка. Ему пришлось вновь заниматься обращением в ислам отпавших после смерти Мухаммеда арабов. Абу Бакр положил начало исламизации как государственной политике, при нем сложились главные атрибуты государства. Издал Коран.

### **RESUME**

Abu Bakr (apprx. 572-23 August 634) is the first of four "just" Caliphs. He, one of the first among Quraish, accepted Islam. He was the adherent and the colleague of Prophet Mohammed. After the death of the Prophet, he was proclaimed to be the Caliph, that is the heir and the successor of the Prophet's business. He had to re-engage in conversion to Islam of arabs have disappeared after the death of Mohammed. Abu Bakr began Islamization as the state policy, at his rule there were main attributes of the state. He published the Koran.

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ПЕДАГОГИКА

ӨӘЖ 808.5

**М. С. Ержақыпов**, филология магистрі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

**Ж. К. Каниметов**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент

Манас атындағы қырғыз-түрік университеті, Бішкек қ.

### ШЕШЕНДІКТАНУ – ТІЛТАНЫМДЫҚ ҒЫЛЫМ АРНАЛАРЫН ТОҒЫСТЫРҒАН ІЛІМ

#### Аннотация

Мақалада шешендіктанудың басқа психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, семиосоциопсихология, мәтін лингвистика, бұқаралық коммуникация теориясы және т.б. тілтанымдық ғылымдармен пәнаралық байланыс мәселелері қаралады.

*Түйін сөздер:* тілтанымдық ғылымдар, шешендіктану, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, семиосоциопсихология, мәтін лингвистикасы, бұқаралық коммуникация теориясы, пәнаралық байланыс.

Өткен ғасырдың орта тұсынан бастап сөйлеу тілін адам іс-әрекеті мен психикасының феномені ретінде зерттейтін ғылым салаларының өзектілігі артып, ырғақты қалыпта дамуы - шешендіктанудың қайта жанданып, өрлеп-өркендеуіне әсер еткен себептердің бірі. Бұл бағыттағы ғылым салаларының өзара қатынасы барынша шартты. Сол себептен де тілтану ғылымдары /Speech sciences/ (сөйлеу тіліне қатысты ілім) айдары тағылған жаңа ілім салаларының пайда болуы мен жемісті дамуы жөнінде айту орынды. Бұлардың қатарына психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвосоциопсихология немесе семиосоциопсихология, мәтін лингвистикасы, бұқаралық коммуникация теориясы сияқты ғылым салалары жатады. Аталмыш ғылым салаларының шешендіктанумен байланысы логикалық тұрғыда негізделген әрі толық заңды да. Ойланып шебер сөйлеу үрдісінің барлық сатыларында барша тілтану ғылымдары өз тамырын антикалық риторикадан алады. Солай десек те, аталған әрбір ғылым саласы шешен тұлғаның жекелеген қырларын бөле-жара зерделейді. Уақыттың шешендіктануға берген еншісі іспеттес, тек шешендіктану ілімі ғана бұлардың бәріне «ортақ үлгіде жинақтап талдаушы теория, гуманитарлық танымның ерекше логикасы» рөлін атқара алады. Сондай-ақ қазіргі шешендіктану көпшілік жағдайда тілтану ғылымдарының деректі де нақты мәліметтеріне сүйенеді. Ендеше, қазіргі шешендіктанудың теориясы мен тәжірибесін жете танып-білуде қомақты әрі пайдалы психологиялық база бола алатын жоғарғы аталған тілтану ғылымдарының мәліметтерін елеп-екшеп, сараптап алу үшін бізге шешендіктану мен психоллингвистиканың, шешендіктану мен лингвосоциопсихологияның бір-бірімен қарым-қатынасы мәселелерін қарастыру орынды болмақ.

Психоллингвистика туралы Б. Н. Головин «Отрасль языкознания, изучающая процесс речи с точки зрения содержания, коммуникативной ценности, адекватности речевого акта данному коммуникативному намерению, природу и свойства кодирования и декодирования сообщения, передаваемого посредством естественного языка», - деп жазады [1]. Ендеше, психоллингвистикаға берілген анықтаманың өзі-ақ осы ғылым саласының қазіргі шешендіктанумен тығыз байланыстылығын көрсетеді, себебі оның басты мақсаты – тиімді коммуникацияның жағдайы мен формасын анықтау.

Жалпы психоллингвистика ілімін лингвистика мен психологияға аралас-құралас қатыстылығына қарай отырып, «лингвистика бөлшегі» немесе «психология бөлігі» деу дұрыс

емес. Оны тілді зерттейтін болғандықтан, лингвистикалық пән, тілді психиканың феномені ретінде қарастыруына сәйкесті психологиялық пән есебінде бағалаған орынды [2]. Демек, бұл арада мәселе екі ғылым саласының жай ғана бірігуі жөнінде емес, олардың интеграциясы, бір-бірімен өзара кірігуі туралы болып отыр.

Психолингвистика туралы алғашқы еңбек — америкалық психолог Э.Осгуд пен лингвист-антрополог Т. Сибектың редакциясымен жазылған «Психолингвистика: теориясы мен зерттеу мәселелеріне шолу» /1954/ атты монография. Аталмыш ғылым саласының негізгі бағыттары мен тарихы, жалпы методологиялық негіздері туралы белгілі психолог А. А. Леонтьевтың еңбектерінде жан-жақты толық сипатталған. Сөз етіліп отырған ғылым саласының бастапқы кезеңіне сай көптеген қайшылықтарды айта келе, А. А. Леонтьев аталмыш ғылымның сөйлеу әрекетін кешенді зерттеуге өзгелерден гөрі бірден-бір лайықтылығын көрсетеді. Ғалымның пікірінше, жоғарғы тұжырым психолингвистикаға тұтастай қатысты емес, тек өз тұжырымдамасының негізінде мәселенің барынша терең мағынадағы психологиялық теориясына сүйенетін бағыттарына қатысты. А. А. Леонтьев бұған психолингвистиканың француздық бағытын (П. Фресс, Ж. Пиаже) және ойлау мен сөйлеудің параллельді құбылыс еместігін, қайта олардың бөлінбес біртұтас құбылыс екенін әрдайым табанды түрде баса айтып жүрген Л. С. Выготскийдің идеясына сүйенуші бағытты жатқызады.

Қазіргі таңдағы даму үстіндегі психолингвистика ғылымы саласына енетін мәселелер шеңбері ауқымды. Олардың ішінен мағынаны қабылдау; белгілі бір коммуникативтік ұмтылысқа сөйлеу актісінің сәйкестігі; естілуі бойынша қабылданған және жазылған мәтінді түсіну үрдісі; қалыпты тілдік коммуникация жағдайында ым, ишарат рөлі сияқты қазіргі шешендіктану ілімі де қарастыратын мәселелердің атын атап, түсін түстеуге әбден болады. Демек, осы айтылған мәселелерге орайлас ой түйер болсақ, тек психолингвистика ілімі ғана шешендіктану курсына салмақты психологиялық барлау-түйіндеулермен қамтамасыз етуге қабілетті.

Психолингвистиканың сан алуан теориялық идеялары мен әдістемелік қырлары лингвосоциопсихологиямен қауышып жатыр. Ал ғылымның бұл саласы бірнеше ғылымдардың тоғысуынан пайда болған (психолингвистика тұрғысынан келгенде олар: социология, әлеуметтік психология, әлеуметтік семиотика). Тілге тиек етіліп отырған ғылым саласының тұжырымдамасы Т. М. Дриденің «Тіл және әлеуметтік психология» атты зерттеу еңбегінде баяндалған. Еңбектің алғы сөзінде А. А. Леонтьев лингвосоциопсихологияны «қоғамда қолданылатын мәтіндердің үрдісі туралы ғылым» ретінде анықтайды. Аталмыш ғылымның зерттеу нысаны - мәтін құрастыру үрдісінің мазмұндық (ақпараттық-мағыналық) құрылымы және үрдістердің жемісі ретіндегі мәтін мәселесі.

Қазіргі таңда мәтінді зерттеумен мәтін лингвистикасы, мәтінді қабылдау психологиясы, мәтін стилистикасы сияқты көптеген ғылымдар айналысады. Лингвистикалық әлеуметтік психологияның өзіндік ерекшелігі - оның нақты әлеуметтік-психологиялық бағыттылығында.

Лингвосоциопсихология мәтіндік құрылымды қоғамдық қатынас үрдістеріндегі мәтіндердің рөлін, сондай-ақ олардың даму жолдарын қарастыра келіп, қоғамдық іс-әрекет түрлерінің бірі ретінде зерделейді, яғни нәтижеде тиімді коммуникация мәселесі межеленеді. Сол себептен де аталмыш ғылымның қазіргі шешендіктанумен байланыстылығы заңды.

Лингвосоциопсихология шешендіктану сияқты теориялық-қолданбалы пәндердің сапына жатады. Қоғамдағы барлық деңгейдегі өзара түсіністік мәселелесі сөз болғандықтан, аталған екі ғылым саласының да өмір тәжірибесіндегі қолданыс аймағы өте кең. Бүгінде мәтіндерді қабылдаумен, түсінумен, талқылаумен байланысты көптеген қарым-қатынас проблемалары жинақталып қалды. Т. М. Дридзе жүргізген зерттеулерге сүйенсек, қарым-қатынас кезінде мағыналық байланыстың механизмі барлық жағдайда үнемі жүзеге аспайтындығын, дәлірек айтсақ, «іске қосылмайтындығын» көрсетеді, ал шындығында тақырыпқа сәйкесті немесе өзге де мақсаттарға орайлас өзара әсерді тек сол ғана қамтамасыз етеді. Сол себептен де, Т. М. Дриденің түйіндеуінше, біз көбіне-көп интерпретацияланған мәтін барысындағы «фокустардың» сәйкестігі жоқ «жалған қарым-қатынаспен» істес боламыз. Т.М.Дридзе бұл сияқты құбылыстың себебін қазіргі оқу орындарына «мақсатты бағытқа сәйкесті мағыналық ақпаратпен алмасу» дағдыларын «өзіндік жеке ойларын сәйкесінше сөйленіс формаларында нақтылы түрде көрсету ғана емес, сондай-ақ өзінің тікелей әрі потенциалды

әңгімелесушілерінің /тыңдаушыларының/ ойларын мәтіндер арқылы құрастыру» білігін қалыптастыру тән еместігінен көреді [3]. Бұл ретте «жалған қарым-қатынас» проблемасын жеңу «мәтін бойынша іс-әрекет барысында танымдық және коммуникативтік элементтерге сүйене білу білігі мен дағдыларын қалыптастыру» арқылы толық шешімі табылуы мүмкін [3].

Осыған байланысты мәтіндік құрылымды талдауға барынша жан-жақты келу мәселесі туындайды. Т. М. Дридзе жалпыға мәлім мәтінді мағыналық талдауға альтернатив ретінде талдаудың ақпараттық-мақсатты түрін ұсынады. Бұның мәнісі «алғашқы кезекте хабардың уәжі (мотиві) мен мақсаты анықталатындығында (дәлірек айтсақ, мәтін туындайтын және интерпретацияланатын қарым-қатынас әрекетінің уәжі мен мақсаты), содан кейін ғана осы уәж бен мақсат жүзеге асатын материал қарастырылатындығында» [3]. Бұл арадағы мәселе - коммуникативтік ой ұшығының маңыздылығы. Бұл қашанда ойланып шебер сөйлеу үрдісін қалыптастырудың маңызды бір бөлшегі есебінде шешендіктануда қаралып келген коммуникативтік ой ұшығының ойлап табу үлгісіндегі құрамды бөлігі ретінде ерекше қызығушылық туғызады.

Мәтін авторының коммуникативтік топшылауын талқылау мен мол мәліметке ие болу ұғымы өзара тығыз байланысты. Мәлімет қорының байлығы мәтіндегі ақпараттың жоғары деңгейін емес, «бәрінен бұрын реципиенттердің қол жеткізер игілігі ретіндегі мағыналы ақпарат дәрежесін» сипаттайды. Мәтіндегі мәлімет қорының байлығын ұсынылып отырған мағынада алғашқы кезектегі мәліметтік қор ретінде атаған орынды. Егер де хабарды жолдаушыға мәтін арқылы өз коммуникативтік топшылауын ұсыну мүмкіндігі іске аспаса, онда ұсынылған мәтінді алғашқы мәліметтік қордан жұрдай деп есептеуге болады. Екінші ақпараттылық - бұл әр қилы қосалқы мәліметтер. Адресат арқылы коммуникативтік топшылау сәйкесінше интерпретацияланған бағыттағы мәтінді қалыптастыру, яғни, «оны осы сөздің бастапқы тура мағынасында ақпаратты күйінде түсіну» деген сөз. Бұл арада да сөз тағы да тиімді коммуникация туралы, демек, лингвосоциопсихология мен шешендіктану мәселелерінің тоғысуы туралы болып отыр.

Осы ретте Т.М. Дридзенің «мағыналық қайшылық әсері» туралы сипаттамасын қарастыру орынды. Оның көрініс беруін қарым-қатынас нәтижесінде өзара түсіністік тумаған жағдайда, адресанттың коммуникативтік ой ұшығы жүзеге аспай қалған ретте сөз ету қажет. Тәжірибеде анықталған осы әсердің көрініс беру жағдаяттары шешендіктануды оқыту үрдісінде ескерілуі тиіс. Мәселен, бұл ретте алғашқы жағдаят адресанттың ыңғайындағы «тілдік ресурстарға» сәйкесті қолданыстағы мәтінге тілдік құралдардың үйлесімді келмеуінен пайда болады. Бұл іспеттес тілдік құралдарға жекелеген кейбір белгісіз есімдер, адресатқа мағынасы түсініксіз сөздер мен ұғымдар, көпшілікке танымал емес газеттік жадығаттар жатады.

Екінші жағдаят Т. М. Дридзде мәтіннің мазмұндық-мағыналық құрылымының сөйленер сөздің тұтастығына сәйкес келмеуі қалпында белгіленген. Бұл сияқты сәйкессіздік егер де мәтін қалыптастыру логикасы сөйлеу сәтіндегі сөздің мазмұндық-мағыналық құрылымының ішкі логикасымен сәйкеспегенде ғана орын алады. Шешендіктануды оқыту үрдісінде аталмыш жағдаят «Шаршы топ алды сөйленер сөздің логикасы мен дәлелдемесі» тақырыбындағы сабақтарда баса көрсетілуі тиіс.

Үшінші жағдаят реципиенттің тілдік сөйлеу білігінің төмен деңгейімен байланысты. Демек, тілді білу /лексикологиясын, синтаксисін, фразеологиясын және т.б./ «мағыналық қайшылық әсерінің» пайда болуын жоққа шығармауы тиіс. «Мағыналық қайшылық әсері» тиімді коммуникацияға зиян келтіреді, сол себептен де бұл әсерді туындататын жағдаяттарды ескертіп отыру ұмтылысы өте маңызды. Көпшілік жағдайда бұл тек шешендіктану бойынша жүргізілетін сабақтарда ғана тән.

Қайтара баса айтарымыз – лингвосоциопсихологияның орталық назарындағы мәселе - мәтіндегі ой ұшығының тиімді жүзеге асу жолдары. Сол себептен де лингвосоциопсихология мәліметтері қазіргі шешендіктанудың теориялық талқыламаларында ғана емес, сондай-ақ оларда осы пәнді оқыту үрдісіндегі тәжірибелік қолданыста да үлкен мәнге ие.

Тілтану ғылымдарының қай-қайсысы да таңғажайып феномен - адамзаттың сөйлеу тілінің белгілі бір қалтарысты қырын зерделейді. Сондай-ақ ол ілімдердің ешқайсысы да адам психикасы мен сөйлеу тілін бөле-жара оңашалап сырттап кетпей, бірлікте қарастырады. Сондықтан да жоғарғы аталған ғылым салаларының аралық байланысы, шекаралық деңгейі

көбіне-көп шартты. Осыған сәйкесті барлық тілтану ғылымдарының деректерін жинақтай, жүйелей алатын «адамзаттық сөйлеу тілінің» модельдерін құрастыру қажетті-ақ.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Головин Б. Н. Основы культуры речи. - 2-е изд., испр. - Москва.; Высшая школа, 1988. – 319 с.
- 2 Сыздықова Р. С. Шешендік сөз // Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі – Алматы: Ғылым, 1987, - 111 б.
- 3 Қыдыршаев А. С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері /Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша / (монография) – Алматы.: Білім, 2000. – 270 б.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются проблемы взаимосвязи риторики с другими языковедческими науками, как психолингвистика, социолингвистика, семиосоциопсихология, лингвистика текста, теория массовой коммуникации и др.

### RESUME

In the given statistics are considered the problems of rhetoric with others language sciences, as psycholinguistics, sociolinguistics, semiosociopsychological, text of linguistic,s the mass communication theory and others.

ӘОЖ 378: 005.336

**Г. К. Кабулова**, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

### КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК – ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАСЫ РЕТІНДЕ

#### Аннотация

Мақалада оқытушының кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мәселелері сөз болады. Кәсіби құзіреттілік дағдыларының, іскерлік сапасының жаңа үрдістері зерделенеді. Болашақ маманның өз ісінің шебері болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді, сондай-ақ жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеру, интеграциялық үрдістерді, жаңа технологияны меңгеру арқылы әлемдік білім кеңістігінің өрісінен шыға алуға талпындыру жолдары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** *кәсіби құзіреттілік, тұлғалық, интеллектуалды- педагогикалық, коммуникативті мәдениет*

Еліміз бүгінгі күні саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай әлеуметтік-экономикалық және рухани дамудың мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді. Жоғары оқу орындарының осы үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері болатын, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуда.

Соңғы жылдары білім беру саласында болашақ мамандардың құзіреттілігін қалыптастыруда кәсіби құзіреттілікті анықтау туралы мәселе педагог, философ, психологтар арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудыруда. Оқытушының кәсіби құзіреттілігі көп жағдайда оның біліктілігімен, іскерлік сапаларымен байланыста қарастырылады.

Орыс ғалымдары В. А. Адольф, Н. В. Кузьмина, А. К. Маркова, Э. Ф. Зеер, В. А. Сласс-тенин, Т. Ф. Лошакова педагогикалық зерттеулерінде педагог кадрлардың кәсіби құзіреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтады.

Д. Дьон, У. Уоллер, М. Мид, К. Юнг, П. Сорокин, Ф. Знанецкий сынды философтар кәсіби құзіреттілікті адамның ортаға үйренуіне қажетті әрекеттер түрі ретінде қарастырады. Олар адамның мамандығы оның белгілі бір нәрсеге деген қызығушылығын тудыратынын, көзқарасын қалыптастыратынын, мақсатқа жетуге талпындыратынын, ортақ пікір алмасуға жетелейтінін айтады.

Кәсіби құзіреттілік деп оқытушының жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Оқытушы өз ісінің шебері болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, жаңа технологияны меңгеріп әлемдік білім кеңістігінің өрісінен шыға алуға талпынуы керек.

Оқытушы қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын ортамен, студенттермен қарым-қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзіреттілігі анық байқалып тұрады.

Оқытушы кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда еңбек өтілі мен тәжірибесі үлкен рөл атқарады.

Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, инновациялық жаңа үрдістерді дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының әлемдік өркениетке ұмтылып, дүниеге іргелі ел ретінде танылып, Тәуелсіздіктің тұғырын 21 жыл берік орнатып отырған Қазақстан Республикасының болашағында білімді, білікті, саналы азаматтар тәриелеу міндеттері қойылған. Бұл міндет білім алушы жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге үйретуді міндеттейді. [1].

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейеді. Осыған орай, әр тұлғаның кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы да арта түседі. Жоғары дәрежелі кәсіби құзіреттілік маманның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие-білім беру үрдісін модельдей алатын, тәрбие беру және білім берудің жаңа технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын болашақ ұстаздың кәсіби құзіреттілігінің деңгейін арттыру – өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзіретті оқытушы жоғары оқу орнының тәрбие-білім беру процесінде шығармашыл студенттердің қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктердің іске асуына ықпал жасайды.

Білім беру жүйесіндегі оқытушының кәсіби құзіреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, осы терминнің дербес анықтамасын келтірейік. «Кәсіби құзіреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті арттыруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі». Яғни, оқытушының құзіреттілігі – жеке тұлғаның білімі мен тәжірибесін нақты бір жағдайда қолдана білу іскерлігімен байланысты тұлға қасиетін білдіретін ұғым деуге болады.

Кей зерттеушілер «біліктілік» ұғымын «құзіреттілік» ұғымымен нақтылайды. Алайда, осы екі ұғымды салыстыра отырып, «құзіреттілік» ұғымының мағынасы кең екенін аңғаруға болады. Себебі, оған біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен және іскерлікпен қоса топқа, әлеуметтік ортада жұмыс істеуге, коммуникативтік қабілет, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты алу және пайдалану т.б. іскерліктер жатады[3].

Кәсіби құзіреттілік мәселесін зерттеген ғалымдардың ой – тұжырымдарын терең талдай



отырып, білім беру жағдайында оқытушының құзыреттілігін мынадай үш аспектімен бірдей кешенде сипаттауға болады:

1. Мәндік аспект, яғни ахуалды жете түсіну, оны ұғыну және оған деген қарым – қатынас, бұл жағдайда оқытудың теориялық негізін, өткір мәселелерді ұғыну;

2. Проблемалық практикалық аспект: бұл осы жағдайда педагогтің алдына мақсат орындау жолдарын, міндет нормаларын қойып анықтауды сипаттайды;

3. Коммуникативтік аспект: бұл-педагогтің осы үрдісіне, ахуалға қатысын және өзара ықпал жасауын қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге құзыреттіліктің бұл түріне студенттің ғылыми-зерттеушілік, басқарушы-ұйымдастырушылық қабілеттері мен кәсіби және педагогикалық қызметі жатады.

Арнайы кәсіби құзыреттілік бітірушінің белгілі бір мамандық бойынша кәсіби қызметті атқарудағы дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады. Олардың мазмұны мемлекеттік классификациялармен анықталады. Е.А.Климов мамандық бойынша байланысты былайша жіктейді: адам – адам; адам – белгілер жүйесі; адам – көркем бейне; адам – техника; адам – табиғат.

Ал кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырады.

Оқытушының коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалды тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті жатады.

Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, бағдар ету, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Ақпараттық құзыреттілік өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды.

Регулятивтік құзыреттілік оқытушының өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігін білдіреді. Оған мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік пен өзін көрсете білуі, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы енеді. Іс-әрекеттің негізгі факторы – ізгілік, құндылық болып табылады.

Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілікті талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы ретінде зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады.

Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың мазызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі.

Сондықтан маманның кәсіби құзыреттілігінің арнайы, әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы – өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы. Әлеуметтік – тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуы. Тұлғалық – өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысын жетілдіруге кәсіби іс-әрекет тұлғаның дамуына дайындығының болуы.

Бұл үшін, біріншіден, ақпараттық қоғамда кез келген маманның іс-әрекеті күшейтіледі, екіншіден, білім парадигмасының өзгеруі кәсіби білім, біліктілік пен дағдыға маманның дайындығын қалыптастырудың, ойлаудың әдіснамасын дамытудың қажеттілігін көрсетеді, үшіншіден, ізгілікті және әлемдік интегративті үрдістер тенденциясы алдымен көп мәдениетті

тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін айқындайды.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуы мұғалімнің кәсіби деңгейімен байланысты екенін естен шығармау қажет.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңарулар мұғалімнен кәсіби біліктілігін үнемі көтеруді қажетсінеді.

Қазіргі білім беру жүйесі өткен тарихымызды сақтайтын, қоғам мен мемлекетті дамыту мен жаңартуға өзіндік үлес қосатын, өзін-өзі үнемі дамытып, жетілдіріп отыратын маман талап етіп отырғандықтан, осы маманды дайындайтын мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуға ерекше мән беріледі. Сондықтан да кәсіби біліктілігі, шығармашылық ойлауы жоғары мұғалімге деген сұраныс көп.

Осымен байланысты оқытушының кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін төмендегідей жұмыстарды жолға қойған дұрыс болар еді:

зерттеушілік, ғылыми жұмысты жандандыру;

педагогикалық-психологиялық инновацияларды меңгеру;

оқытушыға әр түрлі формада жаңа технологияны меңгеруге көмек көрсету;

оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыру;

өзара іс-тәжірибелермен алмасу, т.б.

Бұл жұмыстардың барлығы да оқытушының өзінің жеке басының қызығушылығы болғанда ғана жүзеге асатынын ұмытпаған жөн. Өзінің кәсіби деңгейін көтеріп отыру – оқытушының қоғам және студент, болашақ мамандар алдындағы басты міндеті.

Қоғамдық-саяси даярлық болашақ маманның қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану әдіснамасына, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді.

Болашақ маманды терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қай кезде де күн тәртібінен түспек емес.

Олай болса, республика жоғары оқу орындарының алдында жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман дайындау міндеті тұр.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген [2].

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Аталған тақырыпқа сәйкес жоғарғы оқу орнында оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында БҚАТУ-дың барлық факультеттерінің оқытушыларының қатысуымен дөңгелек үстел өткізіліп, психологиялық тренингтер, сауалнамалар жүргізіліп, құзыреттілік пен құзырлықты қалыптастырудың жолдары түрлі-түсті слайдтар қолдану арқылы түсіндірілді.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Ғалымдар жоғары оқу орнын бітірушілердің құзыреттіліктерінің құрылысын жалпы кәсіби құзыреттілік, арнайы кәсіби құзыреттілік деп бөліп саралайды. Жалпы кәсіби құзыреттілік оқытушының жалпы кәсіптік білімі, дағдысы, қабілеті мен мамандығының дайындығы арқылы анықталады.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. Астана. 2000ж.

2 Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

3 Ж.А.Жүсіпова. Педагогикалық шеберлік. Алматы, 2011 ж.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены вопросы профессиональной компетентности преподавателя в формировании у будущих специалистов навыков, деловых качеств, культуры общения, культуры языка, знаний о культуре своей страны, мировой культуре.

### RESUME

The questions of professional competence of the teacher in formation of skills, business qualities, culture of communication, culture of language, knowledge of culture of the country, world culture at future experts are considered in the article.

УДК 811.111

**Г. Н. Кисметова**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Г. Х. Хажғалиева**, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

### МАШИНА ЖАСАУ МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНЕ КӘСІБИ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

#### Аннотация

Аталған мақалада машина жасау мамандығы студенттеріне кәсіби ағылшын тілін үйрету жолдары мен әдістері көрсетілген. Бүгінгі таңда ағылшын тілін оқытудың бірнеше тиімді жолдары анықталды, олардың қатарына соңғы үлгідегі компьютерлік бағдарламаларды, интерактивті оқыту әдістерін, ауызекі сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған грамматикалық тапсырмаларды т.б. жатқызуға болады.

*Түйін сөздер:* техникалық мамандықтар, коммуникативтік дағды, тілдердің ұштұғырлылығы, көптілділік принципі, танымдық белсенділік, бәсекеге түсу қабілеттілігі, техникалық терминдер, жаңа технологиялық әдістер, инновациялық әдістер

Қазіргі заманда болашақ жастарымыздың білімділігі мен рухани байлығы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы болып жатқан өзгерістерді, жаңа ойлар мен технологияларды дұрыс қабылдауға байланысты болмақ. Қоғамның алдына қояр мақсаты мәдениетті, білімді, өзіндік танымдық көзқарасы жетілген адам тәрбиелеп шығару. Міне, сондықтан елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, 12 жылдық білім беруге бағыт алуда. Педагогика мен оқу-тәрбие ісіндегі өзгерістерге байланысты білім берудің мазмұны жақсарып, жаңаша көзқараспен, шығармашылықпен және танымдық белсенділік қабілеттері басымдау болып келе жатыр десе де болады.

Бүгінгі студент – ертеңгі білікті маман. Қазақстанның болашағы сол ертеңгі мемлекеттің әлеуметтік және кәсіптік проблемаларын өз бетінше шешетін жоғары білімді, саналы, болашағынан көп үміт күттіретін, бәсекеге түсуге қабілетті, саналы мамандардың қолында болмақ.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі болмақ. Жоғары білім беру саласында дәл және инженерлік ғылымдарды басымдықпен дамыту – бұл дамуымыздың жаңа кезеңінің міндетті шарты» - деген тұжырымдамасы әрбір қазақстандық азаматтың болашағына, өмірден

алатын орнына мән берілгендігін, ертеңгі Қазақстанның тағдыры сол жастардың қолында болатындығының айғағы [1].

Бүгінгі таңда әр оқытушының алдында тұрған міндет – студенттерге қажетті білімді игертіп қана қоймай, әр студенттің танымдық қызметін, ғылыми ойлау саласын, шығармашылық қабілетін дамытуға бағыттау. Қазіргі заман талабына сай кез келген оқытушы қызметін жалғастыру үшін өзінің теориялық және әдістемелік білімін үздіксіз дамытып, өз мамандығы бойынша практика жүзінде іс-тәжірибелерін жетілдіруі және педагогикалық ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибелерді үздіксіз пайдалануы керек. Қазіргі кезеңде біздің еліміздің білім беру жүйесінің алдына әлемдік білім беру кеңістігіне еніп, алдыңғы саптағы озық елу елдің қатарынан орын алу міндеті қойылды. Бұл мақсатқа жету үшін оқыту процесінің әрі әдістемелік жүйенің мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілдері, формалары мен құралдары жүйелі түрде өзгеруі қажет болмақ.

Осы тұрғыдан келгенде президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жолдауында: «Тұтас алғанда әлемдік технологиялық даму деңгейіне сәйкес өзіміздің жаңа экономикамызға қажетті білімнің баршаға ортақ базасын ұдайы жаңартып отыруы үшін ілгері талаптар қойып, тиісті инфрақұрылым қалыптастыру қажет. Екіншіден, білім беру бағдарламаларын іске асыру мен ғылыми қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін инновациялық білім беру консорциумдарын құруға тікелей қолдау көрсету міндет» - деген сөздері білім беру жүйесінің алдына жаңаша мақсат – міндеттерді жүктегені анық.

Әлемдік өркениетке жетудің бірден-бір жолы білім десек, жас ұрпаққа саналы ұрпақ тәрбиелейтін негізгі буын – оқу орны, ал оның тірегі - оқытушы. Оқытушы студенттің білім деңгейіне, оның өтілген тақырыпты меңгеру дәрежесіне қарай материалдың ауыр жеңілдігіне байланысты тақырыптарды іріктеп, топтастырады. Әрбір сабақтың өз дәрежесінде тартымды да, қызықты етіп, студенттерді тіл сабағында жалықтырмайтын әсер алдыру үшін оқытушы шебер, білімді, жан-жақты, жаңа инновациялық технологиямен қаруланған, сабағында оқытудың түрлі әдіс-тәсілін қолданылатын, шаршап-шалдығуды білмейтін маман болуы қажет.

Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Мемлекет басшысы 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Қазақстан халқына Жолдауында: “Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі жаһандық, экономикаға ойдағыдай кірігу тілі” – деген болатын [1].

Осы “Үштұғырлы тіл” идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса, ағылшынша білсең – әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Тіпті, оқуыңды тәмамдаған соң, біршама уақытқа шетелде қалып, еңбек етуің үшін де бұл тамаша мүмкіндік. Ең бастысы, ағылшын тілін білу – бұл іскерлік қарым-қатынас және әлемнің кез келген нүктесінде бизнеспен айналысу үшін міндетті талап. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жәрдемдесу үшін жоғары оқу орындарында шет тілінің болашақ оқытушыларын оқыту жүйесі мен процесіне қойылатын талаптарды күшейту керек. Сонымен қоса, шетелдермен тәжірибе алмасу, шет тілдерде сөйлейтін мамандарды тарту саласындағы ынтымақтастықты жандандыру, арнайы орта және жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларын шетелдерде тіл үйрену мен тәжірибе жинауға жіберу сияқты бірқатар іс-шараларды жүзеге асырған жөн [2].

Ағылшын тілін игерудің негізгі мақсаты – сөйлеуге үйрету, сондықтан сөздердің айтылу ерекшеліктеріне көңіл аудару дұрыс саналады. Сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді айтуда әрбір тіл үйренуші алдымен тілдеседі, содан кейін жазуға көшеді, себебі күнделікті өмірде тіл үйренушінің сөзді жазудан гөрі айтуы, оқуынан гөрі тыңдауы көп орын алады.

Ағылшын тілін қатынас құралы ретінде машина жасау мамандығында оқитын студенттерге үйретуде олардың берілген мәтінді дұрыс оқуына, мәтін бойынша берілген тапсырмаларды дұрыс жазуына, алынған ақпараттарды ұғатындай тыңдауына, оны сыртқы ортаға сөйлесім арқылы шығаруына көңіл бөлінуі қажет. Дұрыс оқу ағылшын тіліндегі

орфографиялық, орфоэпиялық ерешеліктерді ескеріп, оқытумен байланысты жүзеге асады.

Кез келген қоғамдағы жаңалық тіл арқылы жүзеге асырылады. Сол себепті өндіріс, техника тілін ағылшыншалау қазіргі таңда өзекті мәселе болып саналады. Бұл мәселе бүгінгі күннің өмір талабынан туып отыр. Осыдан келіп ағылшын тілі мен терминология мәселесінің байланысы анықталады. Терминдерді оқытудың басты мақсаты: болашақ маманға мамандыққа байланысты ағылшын тіліндегі сөздерді үйретіп, сөздік қорын байыту. Термин сөздерді келешекте қызмет барысында қолдану, олардың білімді де іскер, өз саласын жетік меңгерген жан-жақты терең білімді маман болуына аса қажет. Сонымен қатар, студенттер термин жүйесін үйреніп, кәсіби сөздерді меңгеру үшін ғылыми-техникалық стильде жазылған шығармалармен жұмыс істеуі, яғни оқытушы студенттің ғылыми әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, сол арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарына икемдеуі керек. Себебі, мамандыққа байланысты термин сөздерді меңгертуде сақтық қажет. Бұдан шығатын қорытынды: термин сөз бұлтартпас логикалық жіктеу ережесіне бағынуы шарт. Сонымен қатар, терминнің құлаққа сіңімді, көкейге қонымды болуын қадағалап отырған жөн [3].

Студенттерге ағылшынша термин жасауда негізінен екі бағыт ұсталынады. Атап айтсақ: ағылшын тілінің ішкі мүмкіндіктері, халықаралық терминдерді ағылшын тілінің үндестігіне икемдеу.

Мамандыққа қатысты студенттерге терминдерді меңгерту барысында тындарманның сөздік қоры дамып, оқу техникасы қалыптасып, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға, ойлаушы шеберлігін арттыруға, термин сөздерді ажырата білуге үйрету болып табылады. Термин сөздерді меңгерту үшін алдымен мамандыққа байланысты, оның сырын ашатын мәтін таңдалуы керек. Мәтіндерді іріктеу барысында оқытушы мәтіннің кәсіптік бейіміне, пәндік маңызына, танымдық сипатына, түпнұсқаға жақындығына, тақырыпқа сәйкестігіне, студенттерге түсініктілігіне назар аударуы қажет. Сол сияқты студенттің тілді қаншалықты меңгергендігі (ағылшын тілінде еркін сөйлеуі, тілді нашар меңгеруі, ағылшын тілін мүлдем білмеуі) де ескерілуі керек.

Ағылшын тілін толық меңгеру үшін алдымен ағылшын тілінің грамматикасын білу қажет. Грамматиканы оқып үйренуде тілдің сан қилы сырларына қанығамыз. Тілдің түрлі құбылыстары тіл ғылымының әр саласында қарастырылады. Мысалы, тілдегі сөздер, олардың барлық жиынтығы - лексикология саласында, тілдің дыбыстық жүйесі - фонетика саласында, сөздердің формалары - морфология, ал сөз тіркестері мен сөйлем - синтаксис саласында қарастырылады.

Ағылшын тілі сабақтарында да оқытушы студенттердің алдына белгілі бір мақсат қойып, соған жету жолдарын қарастырады; күрделі жұмыстарды бөлшектей отырып, қандай да болмасын бір әрекетті орындаудың тәсілдерін көрсетеді; грамматикалық тапсырмаларды ұсына отырып, олардың орындалу жолдарын бағыттап отырады.

Материалды түсіндіруде оқытушыға өтіліп отырған құбылысты тәжірибелік сабақтар арқылы да түсіндіруіне болады. Мысалы, «At the Factory», «At the Laboratory», «At the Machine-building Plant» т.б. тақырыптарды өту барысында студенттер практикалық сабақтарда алған білімдерін тәжірибемен ұштастырып, іс жүзінде қолдана алады [4].

Мысалы «Машина жасау» тобындағы ағылшын тілі пәнінен бір сабақты алып қарайтын болсақ, ол студенттерді мәтінмен таныстырудан басталады. Алдымен оқытушы мәтінді нақышына келтіріп оқып береді. Содан кейін аудиотаспадан студенттерге мәтін тағы бір рет тыңдатылады және көз алдарына экраннан мәтіннің толық нұсқасы көрсетіледі. Атап айтсақ: «Машиналар мен механизмдер динамикасы», «Қозғалтқыш», «Қозғалтқыш генератор». Содан соң студенттерге алдарындағы мәтіннен термин сөздерді теру тапсырылады. Мысалы: металл кесу станогі, созу станы, иінді білік, келтекұбыр, буындар қозғалысы, беріліс механизмі, үйкеліс, бүріккіш, май шомылғышы, салкындатқыш су, піспек, ауа сүзгі, тісті беріліс, ауа қысып тығыздығыш, бұлғақ, т.б. Теріліп алған терминдерді студенттерге бірнеше қайтара оқытып, мағынасын түсіндіріп, оқу сөздіктеріне жаздырту тиімді жұмыс болып саналады. Ал, оны есте сақтау үшін сол жаңа терминдермен сөз тіркестерін немесе күнделікті тұрмыста қолданыла алатын сөйлемдер құралса, тіл дамыту жұмысының тиянақтылығы аңғарылады. Мәтіндерді игеру барысында сөздікті пайдаланып, орысша-қазақша аудармасын салыстырса, сөз тіркесін құраса, түрлі грамматикалық формаларда түрлендірсе, жаңа сөз жасаса, сол терминге қатысты шағын әңгіме құрастырса, студент жадында сақталуға мол пайдасы тиеді.

Қазіргі қоғам талабы ағылшын тіліне қажеттіліктің артуы, яғни оған қоғамдық қызмет аясының кеңеюі, тілді оқыту мен үйретудің әдістемелерін жақсарту, ағылшын тілін оқытудың жаңа технологиясының озық тәжірибесін қорыту мәселесінің бар екендігін көрсетіп отыр. Ағылшын тілінің қоғамдық аясының кеңеюі жаңа типтік бағдарламалар мен оқулықтарды жасауды, білікті кадрларды көбейтуді, техникалық құралдармен жабдықтауды айрықша талап етіп отыр. Сондықтан да ағылшын тілін оқыту үрдісінде жаңаша жаңғыртып оқыту (инновациялық), жоғары белсенділікті дамыту (интерактивті), оқытудың көпдеңгейлік әдістемелері мен жобалық әдістерін өзгетілді дәрісханаларда қолданып және практикалық тәжірибені ғылыми тұрғыдан негіздеп, талдау әрі жинақтау қажет болып табылады.

Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыта оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты пайдаланғанда ғана орындалады. Білім беру жүйесіне инновацияны енгізу жағдайында, оның ішінде техникалық жоғары оқу орындарында тілді оқытуда компьютерлік бағдарламалар, бейнетаспа, теледидар, құлаққап, кинофильмдерді пайдалану ерекше қажет болып отыр. Олар үшін арнайы лингафон және мультимедиялық кабинеттер жабдықталады.

Ағылшын тілін үйрену үрдісінде дидактикалық теледидарды пайдаланудың басты жетістігі негізгі берілетін хабарлардың ең анық мәліметтері, жылдамдығы және нақты орны болып табылады. Оның ең басты сапалы өнімі – берілетін хабардың шындығында. Теледидар белгілі бір шындықты жеткізетін ақпаратты көзбен көруге және оның дамуын нақты істе көрсетеді. Дауыс ырғағы, әуен, қимыл-әрекет үйренушінің эмоциясына ықпал етеді. Ол арқылы берілетін хабар дәстүрлі әдіспен салыстырғанда анағұрлым құндырақ, себебі ол оқу материалын ықпалды қабылдаудың нәтижелі жолы және де үйретудің жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыратын құрал.

Бейнетаспа үйренушінің танымын кеңітеді және хабар алу процесін жан-жақты дамытады. Оның естіп-байқау құралдарын қолданудың ауызекі сөйлеуге үйретудегі рөлі өте зор. Бейнетаспаны пайдалана отырып, ағылшын тілін үйренуде төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге болатынын байқаймыз:

- сөйлеу жағдаятында тілді тұтынушылардың қалай сөйлегенін, сөйлеу мәнерін тыңдауға және көруге мүмкіндік береді;
- сөйлеу жағдаятының көрнекілігі және телеэкранда бейнеленген қимыл-әрекет үйренушінің ойлау қызметіне себепші болады;
- бейнекөріністер арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестерін, лексиканы ұғынуға және синонимдік қатарларды кеңітуге, қабылдауға көмектеседі.

Тіл үйрету барысында студенттердің жеке ерекшелігін, зейінін, ойлау және қабылдау қасиеттерінің де ескерілуі қажет. Себебі, әр студенттің қабылдауы мен ойлауында өзіндік ерекшелігі болары анық. Сондықтан, кез-келген сабақта қай студент нені білмейтінін және оған көмектесу үшін не істеу керек екенін жүйелі түрде есепке алып отырған жөн. Сонда әр студенттің жеке жұмыс түрін жүргізудегі мүмкіндіктері анықталады. Әсіресе, осындай жұмыстың әсері тілді нашар білетін студенттерге көп септігін тигізеді. Адамның жеке қабілетін ескеру студенттің істеген жұмысын тексеру не бағалау кезінде оның кемшіліктерінен гөрі жетістіктеріне көбірек көңіл бөлу керектігін қажет етеді. Тіл үйренушінің жеткен жетістіктерін, табысын атап өту арқылы оқытушы оның ынтасын, қабілетін, өзіне деген сенімділігін арттырады.

Терминдерді меңгерту барысында, бағдарламаға сәйкес грамматикалық тақырыптармен үйлесімділігі де естен шығарылмауы керек. Мәселен, аталмыш мамандыққа қатысты сөздіктен біріккен, қос сөздерді, тіркескен сөздерді табу сияқты нақты терминдерді меңгертуге болады. Мысалы:

- Машина жасау саласы– mechanical engineering
- Ішкі жану қозғалтқышы – internal combustion engine
- Өндіру тәсілі– production technique
- Қысымды реттеуші клапан– pressure control valve
- Бұрғылау бағанасы – drill string
- Ауаны тазарту агрегаты– air purification unit
- Майлау материалы - lubricant
- Сорғыш құралдар – pumping technique

Жоғары өткізгіштік – super conducting  
Саңылаусыз бұранды кескіш – blind rums  
Газдалған бұрғы ерітіндісі - gas-cut mud  
Қондырғы, құрал - device  
Тауарларды автоматты түрде шығару - automated manufacturing of products  
Жарылғыш ұңғымақ – shot hole.

Терминдерді үйрету барысында жұрнақ арқылы жасалған туындыларды тапқызып, олардың қандай сөз таптарынан жасалғандығын аңғарту да ескерусіз қалмағаны жөн. Мысалы, табақшалы серіппе, сіліккіш машина, тәріздестік, тежегіш иінтірегі, ілгермелі жылдамдық, өзгерушілік, қаңқалық сызық, кергіш, бөлшек, айналшақ, айналмалы қозғалыс, айналмалы барабан, жұдырықшалы қорап, сақтандырғыш тиек, т.б.терминдердің қандай сөз таптарына жататындығын табу студенттердің сөздік қорының көбеюіне және грамматикалық ережелерді қайталап пысықтауға үлкен септігін тигізеді сөзсіз [5].

Ағылшын тілін оқыту – қиын да қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ағылшын тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап: жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, студенттерге сапалы білім беру; олардың ағылшын тілінде сөйлеу қабілеттерін және коммуникативтік құзыреттілігін дамыту және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар студенттің жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оның танымдық белсенділігін қалыптастыруға, білімін кеңейтуге жағдай жасайды.

Оқытушы үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар студенттің жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Жаңа технологиялар студенттердің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытуға көмектеседі.

Сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай мультимедиялық бағдарламаларды кеңінен пайдаланып отырсақ, ұтарымыз мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Осы технологияларды қолданудың тиімді тұстары:

- студенттің пәнге деген қызығушылығын оятады;
- студенттің танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- студентті шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Сонымен, өзге тілді дәрісханада кәсіби ағылшын тілін меңгеру үшін студент:

- қазіргі заманғы жаңа технологияларды жетік меңгеруі тиіс;
- ағылшын тіліндегі ғылыми терминдердің жасалу жолдарын, тәсілдерін игеруі тиіс;
- ағылшын терминдерінің қазақ тіліндегі баламасын тауып, оның мәнін түсінуі тиіс.

Машина жасау мамандығына байланысты аталған шарттарды меңгеру арқылы танымдық, тәрбиелік, білімдік мақсаттарды жүзеге асырумен қатар заман талабына сай кәсіби біліммен қаруланған, жоғары білікті инженер маман иесін даярлау көзделеді. Сондықтан болашақта ағылшын тілінен сабақ беретін оқытушының жауапкершілігі шексіз болмақ.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 28 ақпан 2007 жыл.
- 2 Құрманбаев Н. М. «Методика обучения английскому языку в казахской аудитории» / Алматы. 1998. -
- 3 Бгашев В. Н., Долматовская Е. Ю. «Английский язык для студентов машиностроительных специальностей» / Москва, изд. «Астрель».- 2003
- 4 Дубровская С. Г., Дубина Д. Б. «Английский для технических вузов» / Москва,

Издательство Ассоциации строительных вузов.- 2010

5 Пантюшин О. А. Английский язык. Сборник текстов по чтению для студ. II курса дневной формы обучения по специальностям Технология машиностроения - 151001.65 и Реновация средств и объектов материального производства - 150207.65, Калининград: КГТУ, 2006.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются проблемы преподавания английского языка студентам, обучающимся по специальности «Машиностроение». В статье приведено множество приемов преподавания английского языка, таких как интерактивные методы, различные компьютерные программы, письменные и устные задания по языку, способствующие формированию языковой компетентности и развитию устных и письменных навыков у студентов, обучающихся по данной специальности.

### **RESUME**

The article touches upon the methods and ways of teaching English to the students studying Mechanical Engineering. Various ways of teaching English such as interactive methods, project methods, computer programs, oral and written grammar exercises assisting to form written and verbal skills of the students are widely being used in modern educational process of the technical universities.

УДК 373 : 331. 548 (574.1)

**Г. К. Молдашев**, доктор сельскохозяйственных наук, доцент

**Н. Т. Абекешев**, кандидат ветеринарных наук, доцент

**Б. Е. Нургалиев**, кандидат ветеринарных наук, доцент

**А. С. Торегалиева**, старший преподаватель

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск

### **ИЗ ОПЫТА ВЕДЕНИЯ ПРОФОРИЕНТАЦИИ ВЫПУСКНИКОВ СЕЛЬСКИХ ШКОЛ РЕГИОНА**

#### **Аннотация**

В статье обобщены материалы литературных источников по организации педагогическим сообществом страны профессиональной ориентации молодежи по выбору будущей профессии. Изложены содержание и результаты профориентационной деятельности авторов с выпускниками сельских школ региона, проведенных за последние годы. Приводятся предложения по улучшению данной работы.

**Ключевые слова:** профессиональная ориентация, профессия, выпускники школ, специальность, профессиограмма, профессиональная консультация

Проблема осознанного выбора будущей профессии для выпускников школ – неосцимемо важная задача сферы образования всех уровней, поскольку она определяет, построит ли отдельно взятый молодой человек свою карьеру, будет ли развиваться общество, страна.

В солидной монографии профессор Сазонов А.Д. [1], утверждает: «Возросшие требования современного производства к уровню профессиональной подготовленности кадров в условиях информационного общества с инновационной экономикой повышают актуальность проблемы профориентации молодежи, т.к. намерения значительной части учащихся зачастую не соответствуют потребностям народного хозяйства в кадрах определенной профессии».



По заключению Пряжников Н. С. [2], «Профорентация - это комплекс психолого-педагогических мероприятий, направленных на оптимизацию процесса трудоустройства молодежи в соответствии с их желаниями, склонностями, способностями и потребностями народного хозяйства в различных специалистах». Аналогичного мнения придерживается Пустовая Е.Н. [3]: «Профорентация школьников – это научно обоснованная система подготовки выпускников к самостоятельному выбору профессии, призванная учитывать как индивидуальные особенности каждой личности, так и необходимость полноценного распределения трудовых ресурсов в интересах общества».

Поэтому с учетом актуальности рассматриваемой проблемы для педагогического сообщества Западно-Казахстанской области, в т.ч. и для Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана, авторы излагают содержание и результаты ежегодной профорientации выпускников сельских школ региона на примере Срымского и Каратобинского районов.

По рекомендации отдела формирования студенческого контингента университета организационные вопросы согласовывались с начальниками районов в целях их оперативного решения и создания условий для эффективной работы. В результате за 2013 г. нами охвачены 25 школ названных районов с контингентом выпускников по состоянию на 20.01.2013 г. 452 чел., в т.ч. изъявили желание сдать ЕНТ в текущем году 425 чел., или 94,0 % от общего контингента.

Анализом статистического материала контингента выпускников названных районов за последние 3 года [4], с учетом выбора четвертой дисциплины установлено, что подавляющее большинство учеников (более 70 %) отдали предпочтение дисциплинам - физике и биологии, а остальная часть – химии и географии. Показатель в определенной степени является критерием результативности постоянной информационной и агитационной деятельности нашей выездной бригады за последние годы. Следовательно, можно прогнозировать, что выпускники школ названных районов в основном ориентируются на аграрные и технические специальности вузов и колледжей Западного Казахстана.

Встречи с выпускниками по ориентации на профессии начинаются с разъяснения содержания следующих понятий: профессия, специальность, квалификация, должность. При этом, уточняется, что каждая из существующих в мире 40 тыс. профессий имеет свои отличительные признаки по предмету труда, целям, средствам, условиям и результатам труда. Затем кратко характеризуются последовательные шаги выпускника по выбору будущей специальности [5]:

1 – составление списка желательных специальностей (примерно 2-3);

2 – обоснование причин выбора этих специальностей (престижность, востребованность обществом, высокая зарплата, гарантия трудоустройства или же личный интерес к технике, науке, производству, творчеству, природе или общению с людьми, детьми и т.д.);

3 – определение требований избранной специальности к профессиональным качествам личности, т.е. необходимо иметь для анализа информацию о профессиограмме специальности через Интернет или психолога школы;

4 – самооценка соответствия или несоответствия требований профессиограммы индивидуальным способностям и возможностям (эрудиция, характер, здоровье, коммуникабельность, лексикон, терпение, организаторские качества и т.д.);

5 – определение подходящей специальности и её осознанный выбор.

В данном блоке профпросвещения мы также акцентируем внимание выпускников на непрерывность процесса совершенствования компетентности специалиста с высшим образованием в связи с изменением в начале XXI в. парадигмы современного образования с принципа «образование на всю жизнь» на принцип «образование в течение всей жизни» человека. Поэтому образование не имеет точки насыщения и является перманентным процессом в рамках трехуровневой модели подготовки специалистов по системе «бакалавр – магистр – доктор Phd». Кроме того, поясняем, что не бывает хороших и плохих специальностей. Для страны и общества все специальности востребованы и полезны. Чтобы стать конкурентоспособным специалистом необходимо всю жизнь самостоятельно развивать свою профессиональную компетентность, быть в постоянном поиске истины и

профессиональных тонкостей своей специальности методом погружения. Только при таком подходе можно достичь успешных результатов, личного удовлетворения, счастья и духовного наслаждения от деятельности по любимой профессии.

Следующий блок вопросов консультационной работы логически вытекает из предыдущих и посвящен выбору выпускниками будущего места обучения и учебного заведения. Поэтому мы рекламируем современную научно-образовательную деятельность нашего университета по подготовке конкурентоспособных и креативных специалистов на основе «компетентностной» модели инновационного образования. Кратко характеризуется состояние инфраструктуры кампуса, кадрового потенциала и ключевых процессов образовательных и научно-технических услуг вуза за последние годы. Рекламируется многогранная учебно-научная, общественная и спортивная жизнь студенческой молодежи во внеучебное время, способствующая формированию гармонично развитой, полиязычной и поликультурной личности.

В завершающей части беседы школьники знакомятся с многообразием специальностей в разрезе факультетов, задают интересующие их вопросы по условиям поступления и оформления необходимых документов. При этом, мы не в коем случае не навязываем аудитории специальности нашего вуза, а даем им право самостоятельного выбора будущей профессии.

Таким образом, деятельность коллектива университета по улучшению профориентации выпускников школ рекомендуется продолжить на основе системного подхода, включающего также следующие мероприятия:

- наряду с директором и классным руководителем привлекать к нашей профессиональной консультации и психолога школы;
- профессиональную консультацию одновременно сочетать с профессиональной диагностикой школьников путем их тестирования в школе или через Web сайт университета;
- интенсивность профессиональной консультации выпускников школ расширить через республиканские и региональные СМИ.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

- 1 Сазонов А. Д. Профессиональная ориентация молодежи / А. Д. Сазонов, Н. И. Калугин – М.: Высшая школа, 2009. – 272 с.
- 2 Пряжников Н. С. Методы активизации профессионального и личностного самоопределения / Н. С. Пряжников – М.: НПО «Модэк», 2006. – 391 с.
- 3 Пустовая Е. Н. Профориентация: проблемы, опыт, перспективы / Е. Н. Пустовая // Имидж. 2010. - № 2.- С. 25-28.
- 4 Абдиев К., Турдалиев Б. и др. Итоги формирования студенческого контингента ВУЗ-ов РК в 2012г./ К. Абдиев, Б. Турдалиев и др.// -Астана: Национальный центр тестирования, 2012 – 455 с.
- 5 Соловьев И. И. О профессиональной ориентации молодежи / И.И.Соловьев // Отдел кадров. 2012. - № 3. – С. 45-47.

#### **ТҮЙІН**

Мақалада еліміздің педагогикалық қауымдастығының жастарға болашақ мамандығын таңдауда кәсіби бағдар берудегі әдебиет көздерінің мағлұматтары тұжырымдалған. Авторлардың ауыл мектептерінің түлектеріне соңғы жылдары берілген кәсіби бағдарының мазмұны мен нәтижелері баяндалған. Аталған жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар келтірілген.

#### **RESUME**

Materials of literary sources on organization of professional orientation of youth on future profession choice by pedagogical society of the country are generalired in the article. Content and results of authors' profession orientation with graduates of village schools during the last years are given. Offers on perfection of this work are given.

ӘОЖ: 811.512.122:378:37.091.3

**З. Б. Үмбеталина**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

**ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОТАНШЫЛДЫҚҚА  
ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ****Аннотация**

Қазақ тілі сабақтарында пайдаланылатын өлкетану материалдарының сабақтың сапасы мен білімгерлер тәрбиесіне ықпал етер мүмкіндігі мол.

Мақалада өлкетану материалдарын оқу үдерісінде, атап айтқанда қазақ тілін оқытуда отаншылдыққа тәрбиелеу құралы ретінде тиімді пайдалану мәселелері қарастырылады.

*Түйін сөздер:* өлкетану, отаншылдық, тәрбиелеу, қазақ тілі сабақтары

Отаншылдық – Отанға, атамекенге деген сүйіспеншілік, талай ғасырлар бойы қалыптасып, бекіген терең сезім. Отаншылдық – бұл адамның өз атамекеніне, оның тарихы мен мәдениетіне ұлттық байлық, ұлттық құндылық деп қарайтын қарым-қатынасынан, сондай-ақ Отаны үшін, елінің мүддесі үшін жанқиярлыққа баруға дайындығынан көрінетін сана-сезім мен рухтың ең жоғарғы даму деңгейін сипаттайтын тұлғалық қасиет.

